

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Тарих кафедрасы**  
**Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің**  
**№ 6 хаттамасы**

Түркістан қаласы

21.02.2024 ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы - PhD доцент Қ.Базарбаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал - PhD М.Салғараев, жұмыс беруші өкілі - АҒЗИ директоры К.Жетібаев, жұмыс беруші өкілі - М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева, білімгерлер өкілі - докторант З.Сенгирбаева, білімгерлер өкілі - Ү.Абдуалиев

**Күн тіртібі:**

1. Кафедра ББ бойынша білімгерлерді дуальды оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы
2. Кафедра бойынша соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг және ЖОО-мен серіктестік жұмыстар нәтижелерін талдау

**Тыңдалды.**

**АҚ төрағасы Қ.Базарбаев:** 2023-2024 оқу жылында «Тарих» кафедрасының 6В01615-тарих БББ бойынша 3 курс үшін «Тарих пәнін жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқыту әдістемесі», «Мұрағаттану», 4 курс үшін «Мұрағаттану» пәндері дуальды жүйе бойынша оқыту ұйымдыстарылды. Дуальды оқыту жүйесі бойынша М. Әбенова атындағы жалпы орта мектепте «Тарих» кафедрасы филиалының жоспары негізінде Тарих білім беру бағдарламалары бойынша мектепте кәсіптік практика ұйымдастырылды.

Жалпы, бұл атқарып жатқан әрекеттеріміз дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыруды мақсат етіп отырмыз.

Қазіргі кезде, оқытудың дуальды жүйесі педагогикалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол педагогикалық оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, білім ордаларында, диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді. Осы мақсатта біздің білімгерлер тек қана теорияны ғана меңгермей, білім ордаларындағы соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.

**АҚ мүшесі, М.Салғараев:** Кафедра бойынша соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг және ЖОО-мен серіктестік жұмыстар нәтижелерін талдау бойынша төмендегіше атқарылған. Атап айтқанда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының соңғы 3 жылдағы мәліметі бойынша БББ рейтинг негізінде талданған деректер: Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы (жұмыспен

қамтылу және жалақы мөлшерін талдау), сараптамалық бағалау бойынша бағасы, статистикалық деректер және студент жетістіктері бойынша бағасы, медианалық еңбекақы, жұмыспен қамтылу деңгейі, жұмыс іздеу ұзақтығы сияқты нәтижелеріне талдау жүргізіліп, 2022 жылы 29 ЖОО арасынан 21 орын, 2023 жылы қатысқан 26 ЖОО арасынан 10 орынға тұрақтаған. Осы мәселеге байланысты кафедра алдындағы міндеттер 2024-2025 оқу жылында ғылыми-зерттеу жұмыстарына ОПҚ-ң, білімгерлердің белсенді қатысуын арттыру, профессор-оқытушы құрамына ғылыми дәрежелі, шет тілдерін (ағылшын, түрік) жоғары деңгейде меңгерген жас мамандарды тарту, өндірістен тәжірибелі мамандарды оқу үрдісіне тартуды тұрақты түрде жолға қою, ОПҚ-ң шетелдік жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуын арттыру қажет деп санаймыз.

**Шешім:**

1. Кафедра ББ бойынша білімгерлерді дуальды оқыту үдерісін ұйымдастыру назарға алынсын.
2. Кафедра бойынша соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг және ЖОО-мен серіктестік жұмыстар нәтижелерін талдау есепке алынсын.

**АК төрағасы:****Қ.Базарбаев****Хатшы:****А.Оспанова**